



ХҒТАР 16.21.07
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-253-264>

Метеонимдердің паремиялық мағынаның дамуына әсері

Н.В. Милованова^{ID}, М.Қ. Ескеева*^{ID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: natushkakz@mail.ru, yeskeyeva@mail.ru)

Аңдатпа. Адамзаттың қоршаған ортаны танып-білуі олардың табиғи құбылыстарды қабылдау ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асатындықтан, тілдегі метеорологиялық атаулар ең көне лексикалық қабатқа жатады. Этномәдени мазмұны терең метеонимдер мақал-мәтелдер құрамында да кездеседі. Әрбір халықтың дүниетанымы мен мәдениеті жайлы мол ақпарат беретін мақал-мәтелдер құрамындағы метеонимдердің паремиялық мағынаны түрлендіру әлеуеті жоғары. Мақалада қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар тобына жататын тілдердегі метеонимдер қатысқан паремиялық параллельдердің семантикалық табиғаты қарастырылады. Паремиялық мағынаның қалыптасуы мен дамуындағы метеонимдердің қызметі талданып, олардың мақал-мәтелдер мағынасының модификациялануына тікелей әсер ететіні айқындалады. Құрамында метеонимдер қолданылған мақал-мәтелдердің семантикалық құрылымындағы үш деңгейдің – синтаксистік құрылымның дәлме-дәл тура мағынасы мен логикалық негізде анықталатын жалпылама мағынаның, өмірдегі түрлі жағдайға байланысты қолданылатын жағдаяттық немесе прагматикалық-функционалдық мағынаның сабақтастығы метеорологиялық лексиканың семантикалық өрісі негізінде анықталады.

Түйін сөздер: түркі тілдері, метеоним, мақал-мәтелдер, паремиялық мағына, семантикалық құрылым, семантикалық модификация, прагматикалық-функционалды мән.

Кіріспе

Адам ақыл-ойының құрылымын анықтауды онтологиялық негізде қарастыратын антропологияның зерттеу тетіктерінің негізгісі – тіл. Тіл – адамзат болмысын айқындайтын ой-сана мен дүниетаным ерекшеліктерін, тіршілік пен іс-әрекет факторларын бойына сіңірген шексіз ақпарат көзі. Табиғаттағы саналы тіршілік иесі ретіндегі адамзаттың ерекше қасиеті, қарым-қабілеті өз тілін түрлендіре білуінде, яғни өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету үшін немесе өзінің психологиялық жай-күйі мен қоршаған орта жайлы көзқарасы мен пікірін білдіру үшін тілдің шексіз мүмкіндігін қолдана білуімен дараланады. Тілдің ақпараттық мазмұны жеке лексемалардың семантикалық өрісімен қатар олардың басқа тілдік бірліктермен қатынасқа түсуі арқылы қалыптасатын синтаксистік, дискурстық мән-мазмұны әлемдегі барлық ұғымдар мен үдерістерді әртүрлі деңгейде сипаттауға әлеуетті.

Адамзаттың өзін-өзі және қоршаған ортаны танып-білуі ең алдымен табиғатты танып-білуге деген талпынысынан басталады. Себебі әрбір этностың дүниетанымы өзі өмір сүріп жатқан табиғи ортамен тығыз байланысты қалыптасып, дамып-жетілетін құбылыс. Еуразия құрлығының ұлан-ғайыр аумағын мекендеп, жартылай көшпелі ғұмыр кешкен түркі халықтарының өмір-салты табиғат пен кеңістікті танып-білуді, бағыт-бағдарын белгілеуді, уақыт өлшемін мөлшерлеуді, тұрмыс-тіршілігін, өмір салтын соған сай құруды талап етті: «Далалықтар үшін көшпелі өмір салты табиғи-географиялық дара бітімдегі ортаға бірден-бір үйлесетін, аз күш жұмсау арқылы мол өнім алатын ең ұрымтал базистік негіз болған. Мыңдаған жылдарға созылған биосферамен үндес өмір ырғағы табиғаттың өзіндей табиғи-мәдени ортаны дүниеге әкелген. Өзі мекен еткен кеңістіктің барша қадір-қасиетін танып-білу, сол кеңістіктегі құбылыстарды уақытпен шендестіре зерделеуге машықтану – Еуразия көшпелілері үшін өмір сүрудің кепілі» [1; 21, 195 бб.]. Табиғатты жатсынбай, оны өз болмысының құрамдас бөлігі санаған түркі халықтарының өмір салты табиғи құбылыстарға бейімделе отырып, соған сәйкес іс-әрекет арқылы рухани және материалдық игіліктерді игеруімен ерекшеленеді.

Түркі халықтарының адам, табиғат, табиғи құбылыстар, жалпы ғалам туралы көзқарастары да олардың мәдениеті мен тілі арқылы айқындалатын қарапайым дүниетанымынан өрбіп, ақиқат шындықты тануына, табиғатқа бейімделе тіршілік етуіне ықпал етті. Түркілік мәдениеттің даралығын айқындайтын тілдік бірліктер атмосфералық құбылыстарды сипаттайтын метеонимдерді де қамтиды. Түркі тілдеріндегі метеонимдердің этномәдени мазмұны мақал-мәтелдер құрамында тереңдей түседі. Түркі халықтарының мақал-мәтелдерін салыстырмалы тұрғыдан саралау жалпы түркілік дүниетаным мен жекелеген түркі халықтарының даралық болмыс-бітімінің ара жігін ажыратуға жол ашады. Бұл мәселенің түркітану ғылымындағы маңыздылығын айқындайды. Метеонимдер қатысатын мақал-мәтелдердің мазмұнын салыстыра зерттеу жалпы түркілік паремнологиялық жүйенің даму ерекшеліктерін шамалауға, жекелеген лексиканың семантикалық өрісінің ауқымын анықтауға ықпал ететін өзекті мәселе.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері – түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдер құрамындағы метеонимдердің паремиялық мағынаның деңгейлік дамуына әсерін анықтау;

тура мағына мен жалпы логикалық және жағдаяттық мағыналардың уәждік негіздерін саралау; түркі мақал-мәтелдерінің мазмұнында сақталған жалпы түркілік дүниетаным мен әр халыққа тән даралық болмысты шамалау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалдарына түркі тілдерінің мақал-мәтелдер жинақтары алынды. Мақал-мәтелдер күрделі лингвистикалық құрылым ретінде кешенді зерттеу әдістерін қолдануды талап етеді. Зерттеу барысында дәстүрлі сипаттау, жүйелеу тәсілдері; салыстырмалы-синхронды талдау әдісі; семантикалық талдаудың абстракциялықтан нақтылыққа көшу әдісі, жалпылау және даралау тәсілі пайдаланылды. Паремия құрамындағы метеонимдердің мазмұндық аясын анықтауда дистрибутивті талдау; жалпы паремиологиялық мағынаны анықтау барысында семантикалық бірегейлендіру әдісі, паремиялық мағынаның деңгейлерін ажыратуда компоненттік талдаудың элементтері; паремия мағынасына нақты және дифференциалды түсініктеме беру үшін интроспекция әдісі пайдаланылды. Зерттеу барысында қолданылған лингвистикалық және танымдық-логикалық амал-тәсілдер паремиялық мағынаның деңгейлері арасындағы қатынасты анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Түркі тілдеріндегі атмосфералық-метеорологиялық құбылыс атауларының арнайы зерттеу нысанына алынуы өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталады. Бірнеше түркі тілдері деректерін салыстырмалы-тарихи аспектіде, құрылымдық тұрғыдан қарастырған Л.В. Данилова түркі тілдеріндегі метеорологиялық лексика негізінен ортақ болып келетінін көрсете отырып, олардың морфологиялық құрылымына талдаулар жасайды, әр тілге тән фонетикалық ерекшеліктерді айқындайды [2; 20 с.]. Орал-Еділ аумағындағы қыпшақ тілдері бойынша бір буынды түбір-негіздерді жан-жақты зерттеген А. Шайхуловтың еңбегінде «Ауа. Әуе кеңістігі. Климат. Ауа райы» тақырыбына қатысты когнитивті ұғымдардың бір буынды тілдік бірліктері сараланады [3; С. 327-360]. Түркі тілдеріндегі метеорологияға [4; 13-49 с.], ауа райына (климат) [5; С. 352-371] қатысты жалпы түркілік сөздердің лексика-семантикалық сипаттамалары жасалды. Сондай-ақ қазақ тілі бойынша – Н. Базылхан, қырғыз тілі бойынша – К. Сағындыкова, башқұрт тілі бойынша – А. Искандаров, әзербайжан тілі бойынша – В. Джафаров, өзбек тілі бойынша – Д. Ваккосова, А. Аликулов, т.б. зерттеушілер метеонимдерді құрылымдық және антропоэлектік парадигмалар аясында арнайы қарастырды.

Зерттеушілердің пікірі бойынша метеорологиялық лексиканың құрамында «кірме сөздер кездеспейді; туынды мағына негізінде қалыптасқан сөздер жоқтың қасы; керісінше, олар өздері семантикалық даму мен ауыспалы мағынаның жасалуына негіз болады. Бұл метеорологиялық лексиканың көнелігін сипаттайды» [6; 21 с.].

Түркі тілдерінің көне қабаттарына жататын метеонимдер мақал-мәтелдер құрамында жиі кездеседі. «Мақал-мәтелдер белгілі бір тілде сөйлеуші халықтың өткен өмірі мен барлық болмысының куәгері іспеттес оның дүниетанымы мен даналығын бойында

сақтап, атадан – балаға, ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей ауысып келе жатқан асыл мұра, рухани қазына» [7; 221 б.].

Жекелеген түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдер Р. Сәрсенбаев, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Н. Чекменов, Ш. Усупбеков, Х. Карасаев, Б. Саримсаков, Г. Садвакасов, Т. Ниетуллаев, Е. Бердимуратов, Н. Исанбет, Х. Махмутов, З. Ураксин, И. Ғарипов, З. Сиразитдинов, Б. Мамаев, С. Алиев, т.б. зерттеушілер тарапынан зерттелді. Х. Мамедов, А. Нұрмұханов, Қ. Қалыбаева, т.б. зерттеушілер түркі мақал-мәтелдерін салыстырмалы тұрғыдан қарастырды. Осы орайда, салыстырмалы паремиологияның теориялық және әдістемелік ұстанымдарын қарастырған Э.Я. Кокаренің мақаласы [8; С. 274-289] түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстыра зерттеуде де маңызды екенін көрсету орынды. Түркі тіл біліміндегі мақал-мәтелдердің зерттелуі бастапқы кезде құрылымдық бағытта болса, соңғы жылдары антропоэктік зерттеулерге басымдық берілуде. Түркі мақал-мәтелдерінің этномәдени мазмұнын, семантикалық даму жолын айқындауға мол мүмкіндік беретін құнды еңбек – академик Ә.Т. Қайдаровтың зерттеуі [9].

Г.Л. Пермьяков мақал-мәтелдер семантикасының үш деңгейлі құрылымын көрсетеді – лингвистикалық (сөйлем түрі), логика-семиотикалық (мақал-мәтелдің жалпылама түпкі мәні); заттық-бейнелі (жекелеген этностық дәстүрге тән логикалық идеялардың заттануы, жүзеге асырылуы) [10; С. 78-95]. Мақал-мәтелдердің әмбебап типологиялық классификациясының негізіне алынған бұл жіктеме бойынша паремиосеманың бірінші деңгейі – мақал құрамындағы сөздер мен синтаксистік құрылымның дәлме-дәл тура мағынасы; екінші деңгейі – логикалық негізде анықталатын жалпылама мағына; үшінші деңгейі – өмірдегі түрлі жағдайға байланысты қолданылатын жағдаяттық немесе прагматикалық-функционалдық мағына.

«Табиғат құбылыс атауларымен байланысты мақал-мәтелдер әлем халықтарының барлығының тілінде кездеседі. Кейбір мақал-мәтелдерде табиғаттың әдемілігі туралы сөз қозғалса, кейбірінде табиғат апаттары туралы айтылады» [11; 140 б.]. Қазақ тілінде табиғи құбылыс атаулары қатарына жататын метеорологиялық лексика қатысатын мақал-мәтелдер аса көп емес. Саны аз болса да, құрамында метеонимдер бар мақал-мәтелдер халықтың метеорологиялық құбылыстарды қабылдауы мен тануына, бағалауы мен аналогиялық пайымдауына негізделген тұтас тәжірибелік білім қорын сипаттайды. Түркі тілдеріндегі метеонимдер арқылы жасалған мақал-мәтелдердің семантикалық ерекшеліктері бірнеше тіл деректері негізінде салыстыра қарастырған зерттеулер жоқтың қасы.

Түркі тілдерінің көне қабаттарына жататын метеонимдердің семантикалық жағынан түрленіп, ауыс мағынада қолданылуы мақал-мәтелдер құрамында айқын аңғарылады. Бұл паремиялық мағынаның түрленуіне, прагматикалық-функционалдық мағынаның бірнеше реңкке ие болуына ықпал етеді. Мәселен, түркі тілдеріндегі шаң-топырақты, қарды бұрқырата үйіріп, ұшырып соғатын, қозғалысы тез, қатты жел мағынасын беретін *boran* ~ *buran* ~ *booron* лексемасы арқылы жасалған туынды сын есім *borandī* ~ *boranlı* ~ *burandī* ~ *buranlı* ~ *boorundu* ~ *buranlıq* сөзінің «боран соғып тұрған күн» деген тура мағынасынан басқа «жайсыз, қолайсыз», «қарбалас», «суық», т.б. мәндерде қолданылуы мақал мағынасының қолданылу аясының кеңеюіне тікелей әсер ететінін аңғаруға болады: қаз. *Боранды күні бала мен ит құтырады* (*Borandī күні бала мен ит қутірадї*)/

Боранды күні *um пен қатын құтырады* (Borandī küni ijt pen qatīn qutīradī) ~ ққалп. *Boranlı küni bala menen ijt qutīradı* (Boranlı küni bala menen ijt qutīradı) ~ құм. *Боранлы гюн ум кѳутурур* (Boranlı gün ijt quturur) ~ қырғ. *Бороонду күнү бала менен ум кутурат* (Boroonduu künü bala menen it kuturat) ~ ноғ. *Боранлы куъни бала ман уйт құтырады* (Boranlı küni bala men ijt qutīradī ~ тат. *Эт буранлы көндә котырыр* (Et buranli köndä qotirir) ~ түркм. *Aýal näbilsin – dagda borandyr, öýde oturyp, hökmürowandyr* [Ajäl näbilsin – dayda borandir, öjde oturip, hökmürowandir) `әйелдің таудағы боранда шаруасы жоқ, үйде отырып, ақыл айтар, қалағанын істейді` ~ ұйғ. *Боранлиқ күндә бала билән ишт қутрайду* (Boranliq kündä bala bilän išt qutrajdu). Мақалда жайсыз ауа-райында көңіл көтергісі келетін адамдардың әрекеті сипатталады, көбінесе үйде асыр салып ойнаған балалар мен ауа-райының жайсыздығына қарамай қыдырғысы келген әйелдерге қатысты қолданылады. Мақалдың синтаксистік тура мағынасы «боран соғып тұрған кезде бала мен қатынның және иттің іші пысып, ерігеді»; жалпы логикалық мағынасы «қолайсыз уақытта орынсыз іс-әрекет жасау»; жағдаяттық-функционалдық мәндері «күн райының қолайсыздығына қарамастан көңіл көтеру немесе дәл сол кезде аса маңызды емес шаруамен айналысу» (тек боран соғу емес, жаңбыр, қар жаууы немесе жауын-шашынсыз-ақ күн райының аса суық болуы), «жұмыс көп, қарбалас уақытта орынсыз әрекет жасау», «отбасына немесе жеке адамның басына белгілі бір ауыртпалықтар түскенде, шешілуі қиын мәселелер туындағанда жақындарының орынсыз іс-әрекеттермен айналысуы», «қарбалас уақытта ер-азаматтар немесе үлкендер маңызды істермен айналысып, қолы тимей жатқанын пайдаланып, бала-шағаның, қыз-келіншектердің көңіл көтеруі». Көрсетілген паремиясемалар арасындағы семантикалық сабақтастық та, паремиялық мағынаның дамуы да мақал-құрамындағы *boran~buran~booron* тірек сөзінің семантикалық деривациясының аясында айқындалып, жүзеге асады.

Паремиологиялық параллельдер әр тілде өзіндік тұлғалық-құрылымдық ерекшеліктерімен қолданылғанымен, жалпы паремиялық мағынаның өрбу үдерісі ортақ болып келеді, мысалы, талданып отырған мақалдың синтаксистік құрамындағы *ijt* сөзі кейбір тілдерде *böri~böri* «бөрі» лексемасымен алмастырылып қолданылғанымен: қбал. *Бөрю боранлы кече чабар* (Börü boranlı keçe çabar) «Бөрі боранды күні шабар») ~ башқ. *Буранлы көн бүрега иркенлек* (Bwranlı kün búrigä ijrkinlik) «Боранды күні бөріге еркіндік». Мақалдың түрік тіліндегі нұсқасы құрамында *boran* сөзінің орнына *güzgar* «боран» лексемасы қолданылады: *Rüzgarlı günde pamuk atılmaz* (rüzgarlı günde pamuk atılmaz) «боранды күні мақта ашылмас», паремиялық мағынаның жалпы-логикалық мәні «қолайсыз уақытта игі іс болмайды» идеясына басымдық береді. Қазақ тіліндегі *izğar* (ызғар) сөзі «үскірік, өңменіңнен өтердей қатты суық» мәнін береді.

Паремиологиялық зерттеулерде мақал-мәтелдің жеті түрлі прагматикалық қызметі көрсетіледі: 1) модельдеу қызметі; 2) тәрбиелік қызметі; 3) болжамдық қызметі; 4) магиялық қызметі; 5) жағымсыз коммуникативті қызметі, 6) көңіл көтеру, сергіту қызметі, 7) көркемдік қызметі [10; 87 б.]. Осы тұрғыдан келгенде, *Боранды күні бала мен ум құтырады/Боранды күні ум пен қатын құтырады* мақалының прагматикасын айқындайтын – танымды үлгілеу; тәрбие беру; болжау; сынау; жағымсыз көзқарасты білдіру; бағалаушылық; көңіл-күйді сергіту, т.б. қызметтері паремиялық мазмұн аясындағы семалар арқылы халықтың дүниетанымына сәйкес жағдаяттық қолданыстың сұранысын өтейді.

Түркі мақал-мәтелдері құрамында біршама белсенді қолданылатын метеонимдердің бірі – *bult~bulut~bulit~bolit~nělēm* [12; 124 б.] «атмосферадағы қоюланған су буының топтанған жиыны» [13; 124 б.] және осы сөз арқылы жасалған туынды сөздер. Жалпы түркілік *bult* сөзінің бірнеше ауыспалы мағынасы бар: «көңілдегі кірбің», «мұң», «ауыртпалық», «қайғы-қасірет», «ашу-ыза». Сол сияқты тұлғалық жағынан түрлі альтернативалық өзгерістерге ұшыраған өзара гомогенді әрі синонимдік қатар түзетін *jaүmir~jaүmur~jamүur~jangur~žanğbīr~žamğir~čumāğ* және *žawun~žawīn~žaaп* «аспаннан су тамшылары түрінде жерге түсетін атмосфералық ылғал, жауын-шашын» [13; 267, 283 бб.] метеонимдері де бірнеше мақал-мәтелдер құрамында қолданылады. Мақал-мәтелдер құрамындағы *bult*, *žanğbīr/žawīn* лексемалары мен оларға сөзжасам жұрнақтары жалғану арқылы жасалған туынды сөздердің ауыс мағыналары өзі қатысатын паремиясеманың түрленуіне ықпал етеді, мысалы: қаз. *Бұлттанған күн жаумай қоймас (Bulttanğan kün žawmaj qojmas)* ~ ққалп. *Bultlangan kün jawmaj qojmas* (*Bultlanğan kün žawmaj qojmas*) ~ қырғ. *Булуттуу күн жаабай койбойт (Buluttuu kün žaabaj kojbojt)* ~ қбалқ. *Булут кеп болса, жауун жаумай кәалмайды (Bulut көр bolsa, žawun žawmaj qalmajdı)* ~ құм. *Көкде булут болмаса, ерге янғур явмас (Kökde bulut bolmasa, jangur javmas)* ~ ноғ. *Бұлымтанған қуың явмай коймас (Bulutlanğan kün jawmaj qojmas)* ~ тат. *Әйләндергән болыт яумый қуймас (äjländergän bolit jawmij qujmas)* ~ әзерб. *Göydan yağmasa, yerdä bitmäz (Göjdän jağmasa, jerdä bitmäz)* ~ уйғ. *Булут қаплуса, ямғур яғмай қалмас (Bulut qarplisa, jamğur jağmaj qalmas)* ~ чув. *Пөлёт сук – сумаір сук (Pëlēt čuk – čumāğ čuk)* паремиясының семантикалық құрылымындағы бірінші деңгейлі синтаксистік тура мағына – «бұлтсыз жаңбыр жаумайды»; екінші деңгейлі логикалық жалпылама мән – «әрбір құбылыстың, іс-әрекеттің, үдерістің өзіндік себебі, алғышарты болады»; үшінші деңгейлі жағдаяттық немесе прагматикалық-функционалдық мағынасы бірнеше мәндерден тұрады – «алда болатын кез келген жағдайға дайын болу», «алда күтілетін қауіп-қатерден сақтану», «біреуге ашуланған адам ұрыс-керіске барады немесе кегін қайтарады», «біреуді түртпектеп, тиісе берген адам түбі бір жамандық жасамай қоймайды», т.б. Прагматикалық-функционалдық мағына жағдаятқа байланысты түрлене беруі мүмкін, бірақ *bult*, *bulttanuw-*, *žanğbīr/žawīn*, *žaw-* лексемаларының семантикалық өрісінің аясында ғана өрбиді.

Күрделі лингвистикалық құрылым болып табылатын мақал-мәтелдердің аса маңызды қызметтерінің бірі оның тәрбиелік мәнімен сипатталады. Ұрпақ тәрбиесінің негізі – адамгершілік пен әдептілікке баулу. Метеонимдер қатысқан паремиялардың да тәрбиелік-дидактикалық мәні зор, мысалы: қаз. *Бұлттан шыққан күн ащы, жаман қатынның тілі ащы (Bulttan šiqqan kün aššī, žaman qatinnij tili aššī)* ~ ққалп. *Bulttan shıqqan kün ashshı, jaman qatinnij tili ashshı* [*Bulttan šiqqan kün aššī, žaman qatinnij tili aššī*] ~ ноғ. *Бұлымтан шыккан қуың ашы, яман хатынның тили ашы (Bulittan šiqqan kün aşı, jaman qatinnij tili aşı)* ~ қбалқ. *Булутдан чыкәгән кюнню таягғы ачы, аман кәатынны тили ачы (Bulutdan čiqqan künnü tajağı ači, aman qatinnij tili ači)* ~ қырғ. *Булуттан чыккан күн ачуу, жаман қатындын тили ачуу (Buluttan čikkan kün aču, žaman katindin tili aču)* ~ түркм. *Bulutdan çykan gün ýakar, ýaşmakdan çykan – dil* (*Bulutdan čiqan gün jaqar, jaşmaqdan čiqan – dil*) мақалы әйел затын әдепті, көркем мінезді болуға баулиды. Жалпылама логикалық мәні шайпау мінезді әйелдің аузынан шыққан сөз жүректі жаралайды деген ойды сипаттайды. Әйелдің тілі біреуге қатты тиген жағдайда, әдепсіз әйелдерді сынау мақсатында қолданылады.

Мақал-мәтелдердің тура мағынасы мен жалпылама-логикалық және жағдаяттық мағыналары арасындағы байланыс кейде айқын аңғарылса, кейде жаңа мағыналардың уәждік негізінің күрделілігіне байланысты көмескіленіп тұруы мүмкін, мысалы, жалпы түркілік *jel/žel* [12; 254] «кейде қатты, кейде баяу көлденең бағытта қозғалып соғатын ауа ағымы» [13; 289] моносиллабының қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар тілдеріндегі *jel~žel~džil~çıl* нұсқалары және осы атаумен мәндес *samal~šamal* «жанға жайлы, қоңыр салқын жел» [13; 705] метеонимі арқылы жасалған: қаз. *Желмен келген – желмен кетеді* (*želmen kelgen – želmen ketedi*) ~ ққалп. *Jel menen kelgen – jel menen ketedi* (*žel menen kelgen – žel menen ketedi*) ~ қбалқ. *Жел бла келген жел бла кетеду* (*žel bla kelgen žel bla ketedi*) ~ құм. *Ел булан гелген ел булан гетер* (*jel bulan gelgen jel bulan geter*) ~ қырғ. *Жел менен келген жел менен кетет* (*žel menen kelgen žel menen ketet*) ~ ноғ. *Ел мен келген – ел мен кетер* (*jelmen kelgen – jelmen keter*) ~ тат. *Жилдән килгән – жылгә киткән* (*džildän kilgän – džilgä kitkän*) ~ түрк. *Sel ile gelen yel ile gider* (*sel ile gelen jel ile gider*) «селмен келген, желмен кетеді» ~ түркм. *Ýel getirenini, ýel äkider* (*jel getirenini, jel äkider*) ~ өзб. *Yeldek kelgan yeldek ketar* (*jeldek kelgan jeldek ketar*) ~ ұйғ. *Шамал билән кәлгән шамал билән кетәр* (*šamal bilän kälgän šamal bilän ketär*) ~ чув. *Çилне килни çилне каять* [*čilpe kilni čilpe kajat*] – паремиясының семантикасы құрылымындағы деңгейлік мәндердің сабақтастығы мақалдың тірек сөзі *žel, samal* метеонимдерінің мазмұнына негізделген паремиялық уәждер арқылы ажыратылады. Мақал мазмұны жеңіл жолмен немесе тегін келген дүние-байлықтың берекесі болмайды, қалай тез, оңай келсе, дәл солай тез таусылады деген ойды меңзейді, адал еңбекпен табыс табуды насихаттайды. Жеңіл жолмен тапқан табысын тез арада жұмсап қойған адамдарға қатысты қолданылады.

«Қазақ паремиологиялық қорында «жел» сөзінің қатысуымен жасалған мақал-мәтелдер негізінен, негатив мәнде жұмсалатыны байқалады» [11; 143 б.]. Түркі тілдеріндегі *jel/žel* лексемасының мазмұнындағы ауыспалы, бейнелі-аналогиялық мағыналары бірнеше семаларды қамтиды: «тұрақсыздық», «тез өзгеруге бейімділік», «жеңілтектік», «өмір сүрудің жеңіл жолын әздейтін пысықайлық», «терең ойлай алмау», «бос сөз», «өсек-аяң», «өтірік сөз», «мақтаншақтық», «даңғойлық», «сөзінде тұрмау», т.б.

Қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар тілдеріндегі *Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды* (*žel turmasa, šöptiñ bası qijmildamajdı*) ~ қырғ. *Жел жүрбөсө чөптүн башы кыймылдабайт* (*žel žürböso čöptün başı kījimdabajt*) ~ ноғ. *Ел болмаса, шоьп басы кыймылдас* (*jel bolmasa, šöp bası qijmildamas*) ~ қбалқ. *Жел урмаса, чөп кьалтырамаз* (*žel urmasa, čöp qaltıramaz*) ~ ққалп. *Samal bolmasa, shóptiñ bası qıymıldamaydı* (*samal bolmasa šöptiñ bası qijmildamajdı*) ~ ұйғ. ~ башқ. *Ел исмәй, кура хелкенмәй, бер үпмәй, йөрәк елкенмәй* (*jel ijǫmäj, qwra hilkinmäj, bir ýpmäj, jüräk jelkimäj*) `жел соқпаса, қора қозғалмайды, сүймесең жүрек толқымайды` ~ тат. *Жил тими, үлән башы селкенмәс* (*džil timi, ülän başı selkenmäs*) ~ әзерб. *Külək əsməyincə yarpaq tərпənməz* (*külāj əsmäjindžä jarpaq tärpənməz*) ~ түрк. *Rüzgar esmeyince yaprak oynamaz* (*rüzgar esmejindže japrak oynamaz*) ~ түркм. *Şemalsyz çöp başy gymyldamaz* (*šemalsiz çöp başı gīmildamaz*) ~ өзб. *Shamol boʻlmasa, daraxt uchi qimirlamaydi* (*šamol bōlmasa, dāraht uči qimirlamajdi*) ~ ұйғ. *Шамал чиқмиса дәрәқ еғаңлимас* (*šamal čiqmisa dārāq eyañlimas*) ~ чув. *Йывăç çилсёр чёриклетмест* (*jivăç čilsër çërikletmest*) «желсіз ағаш (тал) қозғалмас» паремиясының жалпылама логикалық мәні ешнәрсе өздігінен болмайды, бір нәрсе екінші нәрсенің пайда болуына себепкер болатынын сипаттайды. Паремиялық мағынаның түрленуіне *jel/žel* лексемасының мазмұнындағы «бос сөз», «өсек-аяң»

семалары ұйтқы болып тұр. «Қазақ паремиологиялық қорында *жел* сөзінің қатысуымен жасалған мақал-мәтелдер негізінен, негатив мәнде жұмсалатыны байқалады. Мұның түпкі себебі *жел* сөз тіркесінде жатса керек. Шындыққа жанаспайтын өсек адам жанын жаралайтыны мәлім. Мысалы, күйеуінен айрылған, жалғызбасты әйелдің артынан қаңқу сөздің көбірек еретіні туралы тұжырым тілдік санамызда *Жесірдің етегін жел көтерер, жел көтермесе, ел көтерер* деген мақал түрінде таңбаланған» [11; 143 б.].

Түркі халықтарының табиғат құбылыстары жайлы таным-түсінігі жалпы түркілік мәдениетінің қалыптасуына, дүниетанымының кеңеюіне, этномәдени болмысының даралануына ықпал етіп, түркі тілдерінің көркемдік әлеуетінің артуына, паремиологиялық қордың баюына ықпал етті.

Ұланғайыр аумақты мекен еткен, табиғатпен етене жақын түркі халықтары тіліндегі атмосфералық-метеорологиялық лексика арқылы жасалған мақал-мәтелдердің мазмұны олардың табиғат құбылыстары жайлы тұжырымдамалық білім-тәжірибесін сипаттайды.

Мақал-мәтелдер мағынасының дамуы құрамындағы метеонимдердің семантикалық өрісі ауқымында жүзеге асады; тірек сөздің өзек семасы мен шеткері-жанама семалары паремиялық мағынаның түрленуіне, паремioseмалардың ыдырауына, даралануына ықпал етеді: қаз. *Жаңбыр жаумай су болған* (žanbır žawmaj suw bolğan) ~ ққалп. *Jawın jawmaj hól bolğan* (žawın žawmaj hól bolğan) ~ қбалқ. *Жауун жаумай суу болған* (žawun žawmaj suw bolğan) ~ құм. *Янгур явмай, сув болған* (jangur javmaj, suw bolğan) ~ ноғ. *Жамгыр жаабай суу болгон* (žamgır žaabaj suu bolgon). ~ ұйғ. *Ямғур яғмай һөл болған* (jamıwr jaımaj hól bolğan) ~ чув. *Кахал сын сине сумәр вищә кун малтан саватъ* (kahal čin čine čumār viščē kun maltan čāvat) «жалқау адамға жаңбыр үш күн бұрын жаады» паремиясының жалпылама-логикалық мағынасы – «белгілі бір іс басталмай жатып, не істерін білмей, есі шығып, дал болу», жағдаяттық-прагматикалық мағынасын «еш нәрсе істемей-ақ, өзінен өзі әбіржіп жүру», «ешқандай айыбы болмаса да, зардап шегу», «өзінің аңғалдығынан кездейсоқ бір қиындықтарға тап келу» мәндері құрайды. Паремиялық мағынаның түрленуіне *žanbır/žawun* метеонимінің мазмұнындағы өзек семадан тыс «ауыртпалық», «қиындық», «зиян шегу» шеткері семалары негіз болып тұр. Паремioseмалар арасындағы семантикалық сабақтастық та мақал-мәтел құрамындағы метеонимнің мағыналық реңктері мен жанама семалары арқылы айқындалады.

Паремиологиялық параллельдер әр тілде өзіндік тұлғалық-құрылымдық ерекшеліктерімен қолданылғанымен, жалпы паремиялық мағынаның өрбу үдерісі ортақ болып келуі жалпытүркілік дүниетанымды сипаттайды: қаз. *Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ер көгерер* (žanbırmen žer kögerer, batamen er kögerer) ~ ққалп. *Jawın menen jer kógerer, pátiya menen er kógerer* (žawın menen žer kögerer, pátiya menen er kögerer) ~ башқ. *Ямғыр менән ер йәшәрә, доға менән ил үсешә* (jamıır minän jer jäsärä, duğa minän ijl üšä) ~ қбалқ. *Жауундан жер жашнар, алғъышдан әр онгар* (žawundan žer žašnar, alıışdan är oñar) ~ құм. *Янгур булан ер яшнар, бирлик булан эл яшнар* (jangur bulan jer jašnar, birlik bulan el jašnar) ~ қырғ. *Жамгыр менен жер көгөрөт, бата менен эл көгөрөт* (žamgır menen žer kögöröt, bata menen el kögöröt) ~ ноғ. *Явын мынан ер атар, бата мынан әр көтерилер* (jawın minan jer atar, bata minan er köteriler) ~ тат. *Явым белән жыр яшәреп, дога белән ир яшәреп* (jawım belän džir jäsärer, doğa belän ir jäsärer) ~ өзб. *Yomg'ir bilan yer ko'karar, duo bilan – el* (jomıır bīlan jer kökarar, duo bīlan – el) ~ ұйғ. *Ямғур билән йәр көкирәр, әмгәк билән*

– әр (jamŷur bilän jār kökirär, ämgäk bilän – är) ~ түркм. *Alkyş bilen är gögär, ýagmyr bilen – ýer* (alqış bilen är gögär, jaŷmır bilen – jer) ~ әзерб. *Yağsa yağış, bitər qamış* (jaŷsa jaŷış, bitär qamış) ~ чув. *Сумәр сусан курăк тапранатъ тем* (čumär čusan kurāk tapranat). Паремияның жағдаяттық мәнінің дамуына *žañbır/žawun* лексемасының «ырыс», «несібе», «береке-байлық» семалары арқау болса, «жаңбыр – тамшы, тамшы – су, су – тіршілік нәрі» деген әмбебап тұжырымдамалық ұғым паремиялық семантиканың уәждік негізін құрайды.

Қорытынды

Түркі халықтарының табиғат құбылыстары туралы пайымы мен өмірлік тәжірибесі олардың табиғатқа бейімделе тіршілік етуіне, табиғи құбылыстарды игілігіне жарата білуіне ықпал етті; адами қасиеттер мен адамгершілікке жат әдеттерді, этикалық талғамдары мен жағымды-жағымсыз эмоцияларын табиғат құбылыстарының қасиеттерімен салғастыра-салыстыра бағалауға дағдыланды. Түркілердің табиғат құбылыстары жайлы білім қорын айқындаудың лингвистикалық-ақпараттық көзі – атмосфералық құбылыстарды сипаттайтын метеонимдер мен олар қатысатын мақал-мәтелдер. Көне лексикалық қабатқа жататын метеорологиялық атаулардың терең мазмұны паремиялық мағынаның түрленуіне тікелей ықпал етеді.

Адамзат тіліндегі әмбебап құбылыс болып табылатын мақал-мәтелдер мазмұнының күрделі әрі тереңдігі, көп қатпарлығы – жағдаятты бейнелі-көркем түрде, бірақ нақты беруімен; жалпы адамзаттық тұрмыстың ортақ ұстанымдарын логикалық негізде бейнелеуімен; әр халықтың мәдени-дүниетанымдық, психологиялық ерекшелігін айқындауымен; кез келген нысанды, іс-әрекетті, жағдайды әр деңгейде бағалауымен; тәрбиелік мәнімен; мағыналық түрленуімен сипатталады.

Түркі тілдердегі метеорологиялық лексика қатысатын мақал-мәтелдердің мағыналық дамуы бірнеше уәждік қатынасқа негізделеді: 1) метеорологиялық құбылыс пен оның қасиеттері арасындағы қатынасқа негізделген уәж; 2) адам мен метеорологиялық құбылыс арасындағы қатынасқа негізделген уәж; 3) адами қасиеттер мен метеорологиялық құбылыстың қасиеттері арасындағы қатынасқа негізделген уәж; 4) адам тіршілігі мен тұрмысындағы метеорологиялық құбылыстың пайдасы мен зардабына негізделген уәж; 5) адамның табиғат құбылыстарын танып-білуі мен қабылдауындағы жағымды-жағымсыз эмоцияларға негізделген уәж. Паремиялық мағына құрылымындағы үш деңгейлі мәнінің қалыптасуы, тура мағынадан жалпылама-логикалық мағына мен жағдаяттық прагматикалық-функционалдық мәндердің өрбуі метеонимдердің семантикалық өрісі аясында жүзеге асады. Қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар тобына жататын тілдердегі құрамында метеонимдер бар паремиялық параллельдердің семантикалық дамуы негізінен жалпытүркілік дүниетанымға сәйкес өрбиді.

Авторлардың қосқан үлесі.

Н.В. Милованова – әдебиетпен жұмыс, тілдік материалдар жинау және талдау, ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

М.Қ. Ескеева – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жұмыс жасау, теориялық материалдарды жинақтау және талдау жүргізу.

Әдебиеттер тізімі

1. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
2. Данилова Л.В. Метеорологическая лексика тюркских языков. Сравнительно-историческое освещение: автореферат дисс. кандидата филологических наук. – Ташкент, 1972. – 23 с.
3. Шайхулов А.Г. Структура и идеографическая парадигматика односложных корневых основ в кыпчакских языках Урала-Поволжья в континууме ареальной, междюркской и общетюркской лексики (синописис и таксономия когнитивной сферы «Природа живая и неживая»). – Уфа: Издательство БашГУ, 2000. – 381 с.
4. Левитская Л.С. Метеорология // Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика. 2-е изд., доп. – Москва: Наука, 2001. – 822 с.
5. Мусаев К.М. Климат // Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Пратюркский язык-основа. Картина мира пратюркского этноса по данным языка / под ред. Э.Р. Тенишева и А.В. Дыбо. – Москва: Наука, 2006. – 912 с.
6. Искандаров А.Г. Метеорологическая лексика башкирского языка: автореферат дисс. кандидата филологических наук. 10.02.02. – БашГУ. – Уфа, 2009. – 24 с.
7. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
8. Кокаре Э.Я. Теория и практика сравнительной паремиологии // Фольклор: образ и поэтическое слово в контексте. – Москва: Наука, 1981. – С. 274-289.
9. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай, 2004. – 560 б.
10. Пермяков Г.Л. Основы структурной паремиологии. – Москва: Наука, 1988. – 235 с.
11. Сүйерқұл Б.М., Жармуханова Ж.А. Түрік және қазақ мақал-мәтелдеріндегі табиғат құбылыстары атауларының семантикалық ерекшеліктері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. – 2021. – №2 (135). – Б. 138-148.
12. Древнетюркский словарь. Под ред. В.М.Наделяева, Д.М.Насилова, Э.Р.Тенишева, А.М.Щербака. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.
13. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

Н.В. Милованова, М.К. Ескеева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Влияние метеонимов на развитие паремической семантики

Аннотация. Поскольку познание людьми окружающей среды основано на особенностях их восприятия природных явлений, метеорологические названия в языке относятся к древнейшему лексическому пласту. Метеонимы обладают глубоким этнокультурным содержанием и часто являются компонентом пословиц. Метеонимы в пословицах, дающие много информации о мировоззрении и культуре каждого народа, обладают высоким потенциалом трансформации паремического значения. В статье рассматривается семантическая природа паремиологических параллелей, имеющих в своем составе метеонимы, в языках кыпчакской, огузской, карлукской и болгарской групп тюркских языков. Анализируется функция метеонимов в формировании и развитии паремического значения и определяется, что они непосредственно влияют на изменение значения пословиц. Непрерывность трех уровней в семантической структуре пословиц, содержащих метеонимы, – буквальное значение синтаксической структуры,

определяемое на логической основе общее значение паремии, ситуативное или прагматико-функциональное значение, употребляемое в разных жизненных ситуациях, определяется на основе анализа семантического поля метеорологической лексики.

Ключевые слова: тюркские языки, метеоним, пословицы, пареомическое значение, семантическая структура, семантическая модификация, прагматически-функциональное значение.

N.V. Milovanova, M.K. Yeskeyeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The influence of metonyms on the development of paremic semantics

Abstract. Since human cognition of the environment is based on the peculiarities of their perception of natural phenomena, meteorological vocabulary in the language belongs to the most ancient lexical layer. Metonyms possess deep ethnocultural content and are often a component of proverbs. Metonyms in proverbs, which provide a lot of information about the worldview and culture of each nation, have a high potential for transforming the paremic meaning. The article examines the semantic nature of paremiological parallels, which contain metonyms, in the languages of the Kypchak, Oghuz, Karluk and Bulgar groups of Turkic languages. The function of metonyms in the formation and development of paremic meaning is analyzed and the direct influence on the change in the meaning of proverbs is determined. The continuity of three levels in the semantic structure of proverbs containing metonyms, that is the literal meaning of the syntactic structure, the factual meaning of the paremia determined on a logical basis, the situational or pragmatic-functional meaning used in different life situations, is considered on the basis of an analysis of the semantic field of meteorological vocabulary.

Keywords: Turkic languages, metonym, proverbs, paremic meaning, semantic structure, semantic modification, pragmatic-functional meaning.

References

1. Seidimbek A. Kazak alemleri [The Kazakh world] (Sanat, Almaty, 1997, 464 p.) [in Kazakh]
2. Danilova L.V. Meteorologicheskaya leksika turkskikh yazykov. Sravnitel'no-istoricheskoe osveshenie [Meteorological vocabulary of the Turkic languages. In historical and comparative light], Avtoreferat diss. kandidata filologicheskikh nauk [Dissertation abstract candidate of philological sciences] (Tashkent, 1972, 23 p.) [in Russian]
3. Shaihulov A.G. Struktura i ideograficheskaya paradigmatika odnoslozhnykh korneykh osnov v kypchakskikh yazykakh Urala-Povolzh'ya v kontinuumе areal'noy, mezhtjurkskoj i obshhetjurkskoj leksiki (sinopsis i taksonomija kognitivnoy sfery «Priroda zhivaya i nezhevaya») [The structure and ideographic paradigm of monosyllabic root bases in the Kypchak languages of the Urals-Volga region in the continuum of areal, inter-Turkic and common Turkic vocabulary (synopsis and taxonomy of the cognitive sphere "Living and non-living nature")] (BashGU, Ufa, 2000, 381 p.) [in Russian]
4. Levitskaya L.S. Meteorologiya [Meteorology], Sravnitel'no-istoricheskaya grammatika tyurkskikh yazykov. Leksika [Comparative-historical grammar of the Turkic languages. Vocabulary] (Nauka, Moscow, 2001, 822 p.) [in Russian]
5. Musaev K.M. Klimat [Climate], Sravnitel'no-istoricheskaya grammatika tyurkskikh yazykov. Pratyurkskii yazyk-osnova. Kartina mira pratyurkskogo etnosa po dannym yazyka [Comparative-

historical grammar of the Turkic languages. The Proto-Turkic basic language. The worldview of the Proto-Turkic ethnic group based on language data] (Nauka, Moscow, 2006, 912 p.) [in Russian]

6. Iskandarov A.G. Meteorologicheskaya leksika bashkirskogo jazyka [Meteorological vocabulary of the Bashkir language]: avtoreferat diss. kandidata filologicheskikh nauk (BashGU, Ufa, 2009, 24 p.). [in Russian]

7. Kaidar A. Kazak tilinin ozekti maseleleri [The actual issues of the Kazakh language] (Ana tili, Almaty, 1998, 304 p.) [in Kazakh]

8. Kokare E.Ya. Teoriya i praktika sravnitel'noi paremiologii [Theory and practice of comparative paremiology], Folklor: obraz i pojeticheskoe slovo v kontekste [Folklore: image and a poetic word in context] (Nauka, Moscow, 1981, P. 274-289) [in Russian]

9. Kaidar A. Halyk danalygy [Folk wisdom] (Tolganay, Almaty, 2004, 560 p.)

10. Permzhakov G.L. Osnovy strukturnoj paremiologii. [The basics of structural paremiology] (Nauka, Moscow, 1988, 235 p.) [in Russian]

11. Suierkul B.M., Zharmuhanova Zh.A. Turik hzane kazak makal-matelderindegi tabigat kubylystary ataularynyn semantikalyk erekshelikteri [The semantic features of names of natural phenomena in Turkish and Kazakh proverbs], L.N.Gumilev atyndagy Eurazia ulttyk universitetinin khabarshysy. Saiasi gylymdar. Aimaktan. Shygystanu. Turkitanu [Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasia National University. Political science. Regional studies. Oriental studies. Turkology series], 2(135), 138-148 (2021) [in Kazakh]

12. Drevnetyurkskii slovar' [The dictionary of Old Turkic] (Nauka, Leningrad, 1969, 676 p.) [in Russian]

13. Kazak tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language] (Daik-Pres, Almaty, 2008, 968 p.) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Милованова Н.В. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ескеева М.Қ. – филология ғылымдарының докторы, түркітану кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Milovanova N.V. – PhD student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Yeskeyeva M.K. – Doctor of Philological Sciences, Professor of the Department of Turkology, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).